



Халықаралық журнал



# *Altyн bilim kiltү*

Білім беретін ғылыми  
педагогикалық әдістемелік  
шығармашылық

10(12)2022 жыл



Рахметова Марфуга Насипкереевна  
Атырау облысы, Білім беру басқармасының  
"Облыстық арнайы мектеп-интернаты" КММ Тәрбиеші

# АЛТАЙ НЫҢ БҮЛДІМ



Халықаралық ғылыми-әдістемелік журнал

Международный научно методический журнал

Алматы 2022 жыл

Шыгарушы және меншік иесі:

«TutorUp» ЖК

Бас директор, редактор :

Альжанова Алтынай Абдиганиевна

Шеф редакторлар:

Қайролла Мұратқабыт Мирамбекұлы

Балтабай Бекзат Бейсенұлы

Дизайнер: Бертаева Сымбат Ералханқызы

Редакциялық кеңес:

Ағабекова Жазира Ағабекқызы – Нұр-Сұлтан қаласы, Назарбаев Университеті, казақ тілі және түркіттану департаментінде асистент профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Оспакулова Шолпан Алжимовна- «Өрлеу» ФАО НЦДК ИПКР Туркестан облысы бойынша Шымкент қаласы, Әдіснама және педагогикалық инвестиция кафедрасының аға оқытушысы.

Доссанова Балқыя Адасқызы- Шымкент Университеті, Қазақстан дизайнерлер Одағының мүшесі, аға оқытушы.

Нурланова Улмира Нурланқызы- Халықаралық Қазақ Турік Университетінде аға оқытушысы.

Қыдыралі Насиба Нишабайқызы- Педагогика және психология магистрі, орыс тілі мен әдебиет пәннің аға оқытушысы

Тілші менеджерлер

Спатаева Раушан Анарбайқызы

Тультаева Перузә Альмекановна

Журнал КР Ақпараттық және Қоғамдық дамуминистрлігіне  
11.07.2022 тіркелді Тіркеу куәлігі: KZ80VPY00051745

Журналда жарияланған материалдарды редакция көтісімінсіз көшіріп басуға болмайды.  
Редакцияның жазбаша руксаты алынуы тиіс. Журналда жарияланған макала, сұхбат авторларының пікірі редакция көзкарасын билдірмейді.

Журнал айына 1 рет жарық көреді.

Таралымы 1000 дана

Редакция мекен жайы:

Түркістан облысы, Түркістан қаласы

М.Фабдуллин №120

Байланыс телефоны:

8 747 574 50 89 , 8747 569 33 94

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



Құмарова Айнаш Нұрболқызы

Қазақстан, БҚО, Тасқала ауданы, Мереке ауылы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының

Тасқала ауданы білім беру бөлімінің "Мереке "мектеп -

бебекжай - балабақша" кешені" КММ

Физика пәні

## Жаңартылған білім беру шеңберінде критериалды бағалаудың тиімділігі

Бүгінгі таңда білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз етуді көздейді, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру мақсатында жаңартылған білім беру мазмұны енгізілуде. Еліміздің білім саласына кезең-кезеңімен енгізіліп жатқан жаңартылған білім бағдарламасының басты мақсаты - әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай біletін, рухы мықты, оз білімін қоямның алға басуына жұмсай алатын кез-келген ортаға бейімделіп кете алатын азamatты тәрбиелу болып табылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының басты ерекшеліктерінің бірі – критериалды бағалау жүйесінін енгізілуі. Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын олшемдер, атап айтқанда, окушылар жұмыс барысында орындағыны іс-әрекеттер тізбесі. Ал критериалды бағалау – бұл білімінің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, окушылардың оқу-тәнімдік біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысуышыларына алдын ала белгілі критериялармен окушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Осылан байланнысты окушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, окушылардың сенимсіздіктерін жойып, мұмкіндіктерін арттыруға жол ашатын критериалды бағалау болып табылады. Бағалау критерийі – окушының оқу жетістіктерін бағалауга негіз болатын белгі, ал тиімді құрастырылған бағалау критерийлері окушының тапсырмаларды нақты және дәл орындаудың женілдетеді. Бағалау процесі екі түрлі жолмен іске асырылады: қалыптастырушу бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушу бағалау – оқуды дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, окушымен мұғалім арасындағы кері байланнысты қамтамасыз етіп, сабак барысында жүргізілетін бағалаудың түрі. Бағалау ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылады. Қалыптастырушу бағалау оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетууге көмектеседі, қындықтың алдын алуға мүмкіндік береді, оқу үдерісінде окушылардың білімі мен дағдыларының қалыптасусы, білімді менгеру деңгейін анықтайды. Қалыптастырушу бағалау кезінде окушыларға үздіксіз кері байланныс беріледі. Қалыптастырушу бағалау оқудагы іс-әрекеттің әр кезеңінде (такырыпты түсіндіру, тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды тексеру және т.б.) түрлі әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады (саул кою, тәжірибелік жұмыстар, зертханалық жұмыстар, жобалар, тест тапсырмалары және т.б.). Жұмысты үйимдастырудың жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерінде қолданылады. Қалыптастырушу бағалаудың нәтижесі бойынша мұғалім оқу үдерісін дер кезінде түзетіп отырады, окушылардың жиынтық бағалау жұмысын тапсырғанға дейінгі кемшиліктерін, олқылықтарының алдын алады. Қалыптастырушу бағалау кезінде окушылар пән бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламаларына сәйкес оқу мақсаттарына кол жеткізеді.

Критериалды бағалауды енгізуідің мақсаты:

мектепте оқыту сапасын жоғарылату;

мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

сабактың әр боліктеріндегі әр окушының дайындық деңгейін анықтау;

жеке окушының даму жетістігін бақылау;

окушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындау;

әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізу;

оқу бағдарламасының тиімділігін саралу;

сабак үдерісі мен білімнің менгерліуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері

байланнысты қамтамасыз ету.

Практикалық маңызы:

тек қана оқушы жұмысы бағаланады;

орындалған жұмыс алдын ала белгілі үлгі (эталонмен) салыстырылады;

окушы өзінің жұмысын бағалауга мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі және ата-

анасына ақпарат бере алады;

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

критериалды бағалау белгілі оқу мақсаты бойынша бағаланады.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияга бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен осу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауга қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатыннына құнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады. Сабак үдерісінде «Білу және түсіну» кезеңінде критерий бойынша оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғыруту, алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғыруту, болжай жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу дағдысын қалыптастырады. «Қолдану» кезеңінде бұрын алған ақпараттары мен мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контексте қолдана білу, білгенін, түсінгенін сабак барысында қолдану арқылы көрсете білу іскерлігі қалыптасады. Яғни практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шыгару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табуга дағдыланады. «Талдау, жинақтау» кезеңдерінде білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу арқылы пікірлері қалыптасады. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттерін және қорытынды жасай білу, ой қозғау қабілеттілігін көрсетеді. «Бағалау» кезеңінде алынған ақпарат пен айтылған ойларды, пікірлерді, оқигаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әрекет жасау дағдысы қалыптасады.

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауга қарағанда қалыптастыруышы және жиынтық бағалаумен ерекшеленетінін жоғарыда айтып өттік. Қалыптастыруышы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауга бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шыгару үшін қажет. Мұндай бағалау кезінде өзінді басқа адаммен салыстыру шарты жок, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігінді бағалап, жетістікке жету жолдары қарастырылады.



Узакбаева Замзагул Аккалиевна

Маңғыстау облысы, Манғыстау ауданы, Шетпе

кенті “Нұн Жұбайев атындағы жалпы білім беретін

мектеп” КММ

Көркем еңбек пәні

## Көркем еңбек сабактарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Қоғамдагы өмір талабына сай - рухани интеллекті, шығармашылық қабілетті адам болуга тырысу керек. Сондыктан да білім беру жүйесі де қоғам дамуымен бірге дамып отыр. Қазргі кезде шығармашылық еңбекке баулуга ерекше қоңыл болғап отыр.

Мектепте оқытылатын еңбекке баулу пәні арқылы оқушылар еңбектің алғашқы аліппесімен танысады. Көркем еңбекке баулу - мұғалімнің оқушыларға технологиялық білім мен білік беретін үйымдастырылған оқу пәні. Көркем еңбек сабагында мұғалім шеберлігіне сай түрлі материалдармен жұмыс істеу оқушылардың технологиялық ойлауды, көркем эстетикалық талғамын сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Оқушыны еңбекке тәрбиелеу үшін ең маңызды пән – көркем еңбек пәні. Олардың байқағыштығы, ой-өрісі, шығармашылық белсенділіктері артады. Бала кезден бастап жүйелі түрде еңбек тапсырмаларын орындауда, отбасындағы қажеттілікке қоңыл болуге, төзімділікке үйренеді.

Сабакта шығармашылық жұмыс түрлерін жүргізгенде жұмыстың басынан аяғына дейін шығармашылық тапсырмалар болуы шарт. Кейір практикалық тапсырмаларды шығармашылық бағытқа бұрган жөн. Шығармашылық тапсырмаларды сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, шығармашылық қабілеттің даралығына қарап беру керек. Бұл оқушының өз бетімен ізденуіне көп әсер етеді.

Көркем еңбек пәнінде оқушылардың шығармашылық шеберлігін арттыру мақсатында мектепте көрмелер, шығармашылық апталықтарды үйимдастырып отырған дұрыс. Оқушыларды шығармашылыққа баулу үшін заманауи әдіс-тәсілдерді қолданған жөн. Сабагында жаңартылған білім мазмұнына сай тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кесте тігу және бисермен кестелеу, қоқыс қалдықтарынан түрмис-тіршілікке қажетті заттарды жасауды үйретемін. Сабакта алған білім мен білік дагдыларын, өмірде қолдана білуғе, шығармашылық шеберлігін арттыруға көмек беремін.

Мениң мақсатым - жастарға қазақтың ұлттық қолонерін дәрінтеу, қалдық заттардан, ескі іске аспайтын заттардан жаңа нәрсе ойлап тапқызу.

Осы мақсат негізіндегі басты міндеттердің бірі – технология білім жүйесін жақсы біletін, ептілік пән жалпыға қажет дагдылық қабілеттері бар белгілі бір тұлғаны қалыптастыру.

Қазақ қолонерін дамыту үшін –сабакта қызы балаларға қолдан зегерлік бұйымдарды жасатамын, сәндік киімдер тігу, кесте тігуді үйретемін. Заман талабына сай оқушыларды қазіргі жаңа технологиялық құралдармен жасалатын түрлі зергерлік бұйымдарды жасата отырып, шығармашылыққа бағыттаймын.

Енді сіздерге көркем еңбек сабагында оқушыларға орыннататын жұмысымды ұсынайын. Қызы балаларға биссер су моншақпен әшекей бұйымдар жасауды ұсынамын. Әшекей бұйымдарды тек алтын күміс, платина, жез, мельхиор металдарынан гана емес, ұсақ моншақтардан да жасауга болатынын айтамын. Бұйым жасауды бастамас бұрын қауіпсіздік ережелерімен таныстырамын.

Алдымен қауіпсіздік ережелерін біліп алайық.

1. Моншақтар шашылып кетпес үшін оларды бөлек ыдысқа немесе қорапшага салған дұрыс.

2. Моншақ откізетін жіп ете мықты болғаны жөн.

3. Моншақтарды жіпке ете тығыз тізбеу керек.

4. Жұмыстың соңында жіптің ұшын мықтап бекітпесе, бар істеген жұмысың заға кетеді.

Ал енді оқушылар ереже түсінікті болса, біз сумоншақтан алқа жасап көрейік. Қазір сабакта әшекей бұйымдарды өздерінде жасай аласындар. Сендер өз қолдарынмен жасаған бұйымды аналарыңа сыйлайтын боласындар. Ең алдымен бізге керекті құрал-жабдықтар: ине, жіп, қайши, сүмонашқтар қажет. Олардың өлшемдері, түстері де әр алуан болады. Сондыктан жасайтын бұйымға байланысты моншақты, оның түсін, ине-жіпті тандай білу керекпі.

Қазір XXI ғасыр не керектін бәрі дүкенде сатылуда. Оқушыларды қоқыс қалдықтарынан түрмис-тіршілігімізге қажетті заттарды өз қолдарынан заманауи технологияларды тиімді пайдалана отырып жасауга үйретуге мүміндік көп. Осында қол бұйымдарын жасату арқылы оқушылардың шығармашылық шеберліктері арта түспек. Сонда оқушылар дайын дүкендердегі

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

заттарды сатып алудан ғөрі өздері қолдан бұйымдарды жасауға қызығатын болады. Содан соң окушылар өздерінің жасаған заттарын көріп қуанады. Кей окушылар сабакта мұғаліммен бірге жасаған заттарын көріп таңқалуы да мүмкін. Тіпті кей окушылар сабакты жақсы оқымағанымен шығармашылық дарыны жогары болады. Ол окушылардың жасаған бұйымдарын мектеп көрмесінен көрген ұстаздар «О, бұл аса дарынды, талантты, қабілетті баланың жасағаны гой!» -деп те, таң қалып жататындары да барышылық. Біз балага шығармашылық жұмыс орындау арқылы таланттарын одан әрі дамытуымыз қажет. Окушылар жұмыс кезінде өзінің игерген білімін, іскерлігін, әдістерін өзінше дербес түрде қолданады. Уақыт талабына сай окушының шығармашылық қабілетін дамытудың түрлі жаңа әдіс-тәсілдері бар.

Тігін өнері мен қатар биссер току, су моншақпен жұмыс жасау, жіппен орнектеу, мата қалдықтарымен және пластикалық стакан, бөтелкелермен ойынишық жасау, өмірге қажетті бұйымдар жасау окушылардың қиялын кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өзінің жасаған затына сай өлең шумактарын құрастыру, екі-үш буынды сөздерге үйқас сөздер тауып, өлең шығару т.б. Сонда окушы өз жетістігін көріп қуанады. Педагогика саласындағы оқыту әдістерін түгел дерлік еңбекке баулу сабактарында өз орнымен пайдаланып, сабактың мазмұнын арттыруға болады.

Қазіргі кезде еңбек сабағын оқытуда окушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға да мүмкіндіктер көбеюде. Соған байланысты окушыга берілетін тапсырмалардың үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгейлері қолданылады. Шығармашылық деңгейде окушы құбылысты өз бетінше таңдай келіп, шағын гылыми шығармашылық түргыдан зерттеу жұмысын жүргізуге үйренеді. Бұл әрекет окушыға «кішкентай жаңалық» ашқанмен бірдей. Осыдан барып баланың бойында танымдық шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Білім, білік, дағдылары жетіледі. Еңбек сабагына деген құштарлығы оянады.

Халқымыздың көркем өнер туындысын үйретіп окушыларды шығармашылықта жетелеу, қазіргі қарыштап дамыған технология түрлерін тиімді пайдалану арқылы шет мемлекеттерге таныту, ұлттық брендке айналдыру мақсатында окушылардың шығармашылық шеберлігін дамыту. Окушыларға көркем еңбек пәнінен жасаған бұйымдарын ұлттық бренд ретінде танытуына ат салысу, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру керек екендігін өз жұмысында дәлелдеп жаза білген.

Сөзімді қорытындылай келе, көркем еңбек пәнін оқытуда мұғалім де шығармашыл тұлға болуы керек. Окушы өзінің қабілтін қарай өнрідің блгілі бір түрімен айналысады. Балаларды еңбекке тәрбиелеу – көркем еңбектен яғни, қоленбегінен басталады.

Тоқсан сөздін тобықтай түйіні, мениң ойымша, мектепте сыныптан тыс үйірме жұмыстары «Жас өнешілер», «Жас өнертапқыштар», «Жас дизайнелер» т.б. сабактар окушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатыны сөзсіз.

Өзімнің ұстаздық тәжірибеме сүйене отырып, сабак мазмұны негұрлым окушылардың көңілінен шықса, соғұрлым даралық танытуға мүмкіндік туып, окушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік көп болады.



Шорабекова Айгуль Садуахаскызы  
Түркістан облысы, Шардара ауданы, Ш.Уәлиханов  
атындағы жалпы орта мектеп  
География пәні мұғалімі

## Ата – аналармен жұмыстың жаңа формалары

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді. Отбасы – балага «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Отбасы жүйесіндегі ғалымдар мен мамандар арасында (Т.А.Маркова, О.Л.Зверева, Е.П.Арнаутова, В.П.Дуброва, И.В.Лапицкая және т.б.) отбасылық институт - эмоционалдық катынастар институты деп бекер санағатан. Эрбір бала өз ата-анасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылышы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды.

Жаңуя... Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибелінің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сай ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам – шешуіміз қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыстың формалары мен заманауи моделдері» атты әдістемелік ұсынымда мектепке дейінгі білім жүйесіндегі танымал моделдер ұсынылады және мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыстың заманауи әдістері ашылады.

Білім беру жүйесін дамыту Қазақстан Республикасының басымдық бағыттарының бірі болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында және «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында білім беру жүйесінде басымдықтарды анықтады және біздер - педагогтар алдына құрделі мақсат - әлемдік деңгейдегі білім орталығы болуды қойды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту, ондағы гуманизациялау және демократияландыру үрдістері мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын белсендіру қажеттілігіне әкелді.

Отбасы – балаға «эмоционалдық тылда» психологиялық қорғау беретін бірден-бір алғашқы социум. Отбасының маңызы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ерекше. Эрбір бала өз атасынан, әжесі мен атасынан, бауырларынан ерекше сүйіспеншілік күтеді: яғни оны үлгілі тәртібі мен қылышы үшін емес, қандай болса солай сүйгенін қалайды.

Бала үшін отбасы – бұл қоғамдық тәжірибелінің көзі. Отбасында ол өзі еліктейтін үлгілер табады, мұнда ол әлеуметтік туылады. Егер біз адамгершілігі зор, дені сай ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен»: балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру, оны ауыстырмай, тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу. Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;
- бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді болу;
- отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;
- отбасы өмірінің бейнесін жасау, отбасылық дәстүрлерді формалашу;
- баланың жекелігін қабылдау және түсіну, балага бірден-бір жеке тұлға ретінде сену және сыйлау.

Жоғарыда айтылған отбасылық катынастарды жүзеге асыру үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыстар жүргізілу қажет:

- біріншіден, баланы және ата-ананы сыйлауга тәрбиелеу;
- екіншіден, ата-аналармен олардың отбасылық шагын зерттеу үшін біріге әрекет жасау.

Одан кейін отбасының ортақ мәдениетін көтеруге және ата-аналардың психологиялық – педагогикалық құзырлығына ықпал ету, оларға балалармен жұмыстың дагдыларын қалыптастыруда теориялық және практикалық комек корсету, отбасына жеке-дифференциалды тәсіл інтижесінде ата-аналармен жұмыста әріптестіктің әртүрлі формалары мен біріккен шыгармашылығын колдану.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасында сенімді қарым-қатынас құру үшін педагогтың бала отбасына үнемін зерттеу жүргізгені жон. Бұл үшін ата-аналар жасындағы айырмашылықты, олардың білімін, ортақ мәдени деңгейлерін, сондай-ақ, ата-аналардың жеке ерекшеліктерін, олардың тәрбиеге көзқарастарын, отбасылық қатынастардың мінездемесін, т.б. білу қажет.



Елбаева Марияш Калбаевна

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы

“№3 жалпы білім беретін мектеп” КММ-сі

Бастауыш сынып мұғалімі

### Бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын арттыру

Тез оқу техникасы дегеніміз не және не үшін қажет? Жалпы оқу сапасын арттыру үшін жай шашаң оқу керек па? Осы сұраптарға жауап беріп көрейік. Расында жылдам оқу дегеніміз тез игеру, тез түсіну, тез ұғыну ұғымдарымен тығыз байланысты болып келеді. Оқу жылдамдығы дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде оқылған мәтіннің көлемі. Мәтін көлемі – бет, сөз, буын түрінде анықталады. Оқымысты адам дегеніміздің өзі – жылдам тез оқи алатын, әртүрлі акпараттарды тез игере алатын адам.

Бастауыш сыныптарында ана тілі пәні – балалардың негізгі құралы. Ал сауат ашу - оқуга үйрету кезеңі. Бастауыш сынып оқушылары торт жылдың ішінде тек қана оқу процесінің алғашкы кадамдарын ғана игереді. Дегенменде шашаң оқуга балаларды 1-сыныптан бастап баулыған дұрыс. Себебі, оқу жылдамдығы төмен бала өз сыныптастарына қарағанда үй тапсырмаларын орындау кезінде оқып-түсіну үшін көп уақыт жұмсайды, шаршайды. Соғын ол баланың оқуга деген ынтасты төмөндөйді. Нәтижесінде баланың оқу көрсеткіштері нашарлап, эмоциональдық қүйзеліске ұшырап, оқуга мүлдем құлқы болмайды. Окушы үлгерімінде соның ішінде ең күшті орын алатыны — баланың оқу жылдамдығы. Егер окушы нашар оқыса, оның оқуга ынтасты өзінен — өзі төмөндөйді, үлгермейді. Әдette кім тез оқыса, сол көп оқиды, көп оқыса, көп біледі. Оқу техникасы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл — ой еңбегіне ынталығы да арта түседі. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу — үлкен еңбектің жемісі.

Мен өзімінің тәжірибелемен айттар болсам, окушы үлгерімінің негізгі факторы — оқу жылдамдығы болғандықтан мен сабагымда әрқашан оқушыларымның оқу жылдамдығын жи тексеріп отырамын.

Мәнерлеп оқу – қандай мәтінді болмасын дұрыс, сөздерді бұзбай, сөз қалдырмай, сөз аяғын жеп коймай, әрбір сөзді дұрыс, анық оқуларын қадағалаймын. Мәнерлеп окуды үйретуде паузалардың орындалуына мән беремін. Мысалы: тыныс белгілеріне байланысты және тыныс белгісіне байланысыз паузалар да ескеріп отырамын. Оқуга үйретуге мынадай негізгі талаптарды қоямын: дауыстал анық оқу, мәнерлеп және іштей оқу, сөздің мағынасына назар аудару, сөйлемдер арасындағы байланысты түсіну, мәтін мағынысын түсініп, айтып беру т.б.

Қазір тексеріліп жүрген оқушылардың оқу жылдамдылықтарында оқушыларға берілген мәтінді 1 минут ішінде негұрлым көп оқып шығу деген ұғым қалыптасып қалғандай. Соғын оқушылары арасында сен «жақсы оқисын» немесе «жаман оқисын» деген сөздер пайда болып жатады. Сойтіп оқушылар жылдам оқу үшін оздерінің алдындағы мәтінді белгілі бір уақыттың ішінде тез суылдатып оқып шығу керек деп ойлады. Сойтіп не мәтіннің мазмұнын, не мәтіннің тіліне, не кейіпкерлер бейнесіне мән бермей зуылдатып оқып шығады. Егер тез, жылдам оқыса, түсініксіз, әрі құлаққа жағымсыз естіледі.

Содан, оқылған шығарманың мазмұны ашылмай оқушыларда түсінбеушілік туындаиды. Сол себепті де көркем шығармаларды ерекше дауыс ыргағына, екініне қарай мәнерлеп оқып, негізгі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, қоңіл-күйін дәл бейнелейтін сөздер мен сөз тізбектерін даралап оқу оқінішке орай жүзеге аспайды.

Сондықтан, мен оқу машығын қалыптастыру мақсатында – баланың өзі оқыған сөйлемін, мәтінін толық түсінуі және сонда қолданылған сөздердің мағынасын менгеруіне мән беремін. Сол үшін мәтінді оқытқанда баланың әрбір сөзді дұрыс анық оқуын үнемі қадағалап отырамын. Әрбір сөзді дұрыс анық етіп оқыған бала сөзді түсінеді. Жылдам оқудың алғы шарты орындалады. Осыдан жылдам оқудың дұрыс оқумен, түсініп оқумен ете тығыз байланыстылығы көрініп тұрады. Оның үстіне сөзді дұрыс және түсініп оқу үшін мәтінді белгілі бір қарқынмен оқу қажет. Олай етпеген жағдайда мәтінді окушы да, оны тыңдаушы да ештеңе түсінбейді.

Оз тәжірибемде оқу жылдамдығын арттыруда қолданып жүрген тәсілдермен боліскім келеді. 1.2-3-сыныптарда жылдам мәнерлеп окуда оқушыларға бірінің катесін екіншісіне тапқызу тәсілі өте тиімді.

2. Таспаға жазылап алынған көркем сөзді тыңдату, кейде жақсы мәнерлеп оқылған мен нашар оқылған мәтінді қатар жазып алып салыстыру

ALTYN BILIM KILTY

ALTYN BILIM KILTY

ALTYN BILIM KILTY

3. Әңгіме, ертегі, мысалдарды ролге боліп оқыту;
4. «5 минуттық оқу» Мәтінді бірнеше болікке боліп, балага 5 минуттан оқыту. Алдымен бала мәтіннің бір болігін оқып, мазмұнын айтады. Содан кейін үзіліс жасайды. Біраз тыныққаннан кейін мәтінді ары карай жалғастырады.

Мен сыйыптағы оку темпі нашар бала болса немесе мәтінді оқығысы келмейтін баламен былай жұмыс жасаймын: Бұл кезде мәтінді үзіп-үзіп оқытамын. Балага суретті кітапшаларды ұсынамын. Сол ктіапшадағы мәтіннен 1-2 жолын ғана оқытып, суреттің аттарын ататып, суретті қағазға салдырамын. Соңда бала сәл демалады. Сосын одан әрі тағы оқыта бастаймын. Осы бағытта өз тәжірибелегі һәдіс-тәсілдерді ұсынамын.

**1. «Ызындал оқу».** Бұл барлық окушы бір мезгілде, бір-біріне бөгет жасамас үшін жартылай дауыспен оқу. Эркім өз жылдамдығымен, біреулері тез оқыса, енді бірі баяу оқиды. Ызындал окуды сабактың кез келген кезеңінде жүргізе беруге болады. Математика сабакындағы есептің немесе кейір тапсырмалардың мазмұнын түсіну үшін оқудың осы түрін пайдалану өте тиімді.

**2. «Ұзінділермен оқу».** Егер бала окуды ұнатпаса, онда осы оку түрін пайдалануға болады. Бұндай жағдайда балага 1-2 жолдық үзінді окуды ұсыну керек. Біраз демалып, содан соң оку қайта жалғасады.

**3. «Көрү диктанттарын жаздыруту».** Мысалы, окушы 6-8 сөзден тұратын сөйлемді оқиды. Үшінші -төртінші сөздерді окуға келгенде алғашкы бірінші сөзді ұмытып қалады. Соның әсерінен окушы сөйлемнің мағынасын түсіне алмайды.

Жұмыстың жүргізуі тәртібі: Тақтаға 6 сөйлемнен тұратын слайд көрсетіледі. 1 минутқа тұрады. Балалар диктантты жазуға дайын болған кезде, бірінші сөйлемді ашамыз. Бала сөйлемді оқып еске сактайды. (Аринайы көрсетілім уақыты беріледі) Берілген уақыт аяқталысымен мұғалім тактадағы жазуды өшіреді. Окушылар дәптерлеріне есте сактағандарын жазады. Осылайша келесі сейлемдер ашылып отырылады. Алғашқыда 6 сөйлемді жинақты 2 күн, үш рет қайталатып жаздыруға болады. Эр диктантты жүргізуге 5-8 минут уақыт жұмсалады.

**4. «Бірнеше дүркін оқу».** Бұлар: а) *бірнеше дүркін оқу*, ә) *жасылтпаши қарқынымен оқу*, б) *мәтіннің таныс емес болігіне өте отырып, мәнерлен оқу*. Жаттыгулардың барлығы да ұжым болып жүргізіледі. Окушылардың барлығы бір уақытта жасартылай дауыспен оқиды.

«Бірнеше дүркін оқу» жаттығу мұғалім окушылардың барлығына бір минутта оқып шығуды ұсынады. Эрбір окушы өзінің бір минут ішінде оқыған сөзін белгілейді. Эр окушының оку қарқыны әр түрлі екені ескерілуі тиіс. Соңықтан\_көлемі бірдей үзінділерді ұсынуға болмайды. Алайда бір үзіндін үш реттен артық окуға болмайды. Жаңылтпаши қарқынымен оку кезінде оқудың мәнерлілігіне қоңыл аударылмайды. Бұл жаттығу артикуляцияны дамытуға арналған. Жаттығу 30 секундтан аспайды.

«Мәтінді қайта оқындар» бірақ асықпай әдемі, мәнерлі окуға тырысындар. Балалар мәтіннің өздеріне таныс болігін сонына дейін оқиды, мұғалім оларды тоқтатпайды. Сөйтіп, олар мәтіннің таныс емес болігіне отеді.

## Ойын жаттығулары

Ойын жаттығулар окушылардың психологиялық қобалжуын басуға комектеседі.

### 1. Сөйлемді теріс оқу.

Сөйлемнің соңғы сөзі бірінші, оның алдындағы сөзі екінші, осылайша жалғасып барып оқылады. Бұл баланың қалыптасқан оку дәғдисын өзгертеді, көз нәзік қозғалысын дамытады және келесі жаттығуга дайындық болады. Күзде жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Түседі жерге сарғайып жапырақтар күзде.

### 2. Сөзді теріс оқу.

Сөздің соңғы әрпінен бастап ондан солға карай оқиды. Эрбір әріпке тоқталып, дыбыстардың күтпеген жағдайдағы үйлесімділіне назар аударады. Көз зердесі қалыптасады. Теріс оқығандары скздердің мағанасыздығына көздері жетеді. Қалам-малак

### 3. Сөзді тұра және көрі оқу.

Сөйлемдегі бір сөзді тұра, екінші сөзді теріс, үшінші сөзді тұра, төртінші сөзді теріс оқиды. Бұл баланың бір уақытта әртүрлі жағдайдағы зейінін, тілдік қозғалыс жүйесін дамытады. Осы жаттығу баланың өзіне деген сенімін қалыптастырады.

### 4. Сөздің екінші жартысын оқу.

Сөздерді буынға боліп, тек екінші болігін оқыту. Мысалы, **мек-теп, жаң-быр**.

Сөздің соңғы буынын оқымай кететін балалар өз кателігін түсінеді.

### 5. «Жасырын сөзді» оқу.

Топшамага жазылған кез келген сөздің үстінен сурет салып немесе сыйықтармен жасырып қойып, окушыларға қандай сөз екенін тапқызу. Бұл жаттығу әріптердің жазылуын есте сактауға мүмкіндік береді. Мидың сол жақ болігінің қызметін жақсартады. Балалардың қызығушылығын арттыру үшін «Бұл тапсырманы катігез сиқыршы сиқырлаған екен. Енді сонын сиқырын

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

жою керек деп қызықтыру керек.

## 6. Бір-бірінің үстіне жазылған сөздерді оқу.

Топшамада жазылған сөздің үстінен бір сөзді жазып, сөздерді тауып оқыту. (Қатты дауыл) Келесіде бір-бірінің үстіне жазылған сөздердің саны кобейеді.

## 7. Төмениң болігі жабылған сөздерді оқу.

Сойлемнің төмениң болігін ақ қағазбен жауып, төмениң болігін оқыту. Эріптердің жазылуын есте сақтайды, логикалық ойлауы мен киялы дамиды.

## 8. Жоғары болігі жабылған сөздерді оқу.

Сойлемнің жоғары болігін ақ қағазбен жауып, төмениң болігін оқыту. Бұл жаттығу кезінде балалар тек сол сөзді ғана емес келесі ашық түрган жолдағы сөзді де тез оқып алуға тырысады. Баланың іштей оқу дагдысы және тез оқу жылдамдығы артады. Сөздік логикалық есте сақтау қабілетін дамытады. Іштей оқу: жылдам оқу, есте сақтау.

## 9. Сөздерді топқа болу классификациясы

Әр балаға 8-16 топшамадан үлестіріледі. Әр топшамада 1 сөзден жазылған. Сөздерді мағынасына қарай топқа бөледі. Мысалы: оқу құралдары, еңбек құралдары. Бұл тапсырманы орындағанда бала тек оқымайды, сөздің мағынасын түсінеді. Бала оқып отырмын деп емес, тапсырманы орынданап отырмын деп ойлады. Қате жіберіп қоямын деп қорқатын балалардың қобалжуы бәсендейді. Соған қарамастан бала әрі оқиды, әрі тапсырманы орындайды.

## 10. Сөздерді мағынасыз сөздерден боліп алу.

Балаға 20-30 сөз жазылған топшама беріледі. Біреулерінде мағыналы сөздер (окушы, жақсылық), біреулерінде мағынасыз сөздер (орсма, қытар) жазылады. Балалар мағыналы сөздерді бір болек, мағынасыз сөздерді бір болек топтайды. Балалардың есінде сөздердің жазылуы жақсы сақталады және мағынасын түсінуге дагдыланады.

Сөздің түйіндісі, дайындық жаттығуларының ұзактығы емес, жиілігі маңызды. Біз күнделікті мынадай жәйттерді жі естіміз: «Мына ертегін оқы, оқып болмайынша, ойнауга бармайсын...». Баласының - оку шашаңдығының төмен екенін біле тұра, анасы қүрделі педагогикалық кате жібереді. Сондықтан үйдегі дайындық әр 5 минут сайын шағын абзацты оқып, мазмұнын айтып берумен аяқталады. Бір - екі сағаттан соң тағы 5 минут оқиды. Ұйықтар алдында тағы бір рет оқиды. Бұндай дайындық бір отырганда бір жарым-екі сағаттан окуга қарағанда әлдекайда тиімді.

ALTYN BILIM KILTY

ALTYN BILIM KILTY

ALTYN BILIM KILTY



Шанбаева Айнур Ералиевна  
Түркістан облысы, Арыс қаласы  
17 колледж МККК  
Қазақстан тарихы пәні

### Алаштың бес арысы

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз заманга қадам басқанына міне, биыл 31 жыл толады. Дегенмен де, азаттықтың ақ таңың ансан, елім, жерім деп жан кешкен азаматтарымыздың есімін ұмытпай, олардың ерлігі мен ерен еңбегін жас үрпакка жеткізу біздің міндестіміз болмақ.

«Ей, тәқаппар дунис!

Маган да бір қарашы.

Танисын ба, сен, мені?

Мен – қазақтың баласы!», - деп Қасым ақын жыrlағандай Тәуелсіздікпен бірге қазақ қоғамы сан ғасырлар бойғы бодандықтың да түнегінен ойнды. Сұрапыл жылдардың әділетсіздігіне ілініп, жазықсыз оқ кешкен талай ақын-жазушыларымыз, соғыс жылдары жанын қиган батырлар мен 1986 жылы ел азаттығы үшін аланға шығып, қасқая тұрып күресе білген жастардың ансаған бейбіт заманы орнап, халқымыз тәуелсіз күн кешуде.

1920-1930 жылдар қазақ халқының тарихындағы қыны кезеңдердің бірі еді. «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам!», - деп ұлы ақын Торайғыров толғанғандай сол заманда қазақ қоғамының көзін ашып, оқу-білімге шақырып, балалардың сауатын ашу жолында Алаш ардақтылары аяйбай тер төкті. Алаш қайраткерлерін қоғамымызда «Үш бәйтерек», «Бес арыс» деп атап, ерекше құрметпен еске алады. Сондай жаңкешті ерлігі мен артынан қалдырган мол мұрасы бүгінгі үрпак үшін үлкен жеміс болып, білім-ғылым жолында азық болуда.

Озінің санаулы ғана ғұмырын қазақ халқының болашағы үшін, дамуы мен өркендеуі үшін жұмысаган қазақтың ұлы ағартушысы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлтының игілігі үшін «Қазақ» газетін ұйымдастырган ұлы ағартушы 1873-1937 жылдары өмір сүрді. Ахмет өз ойын халыққа әңгімелерімен, мақала, өлеңдерімен жеткізіп отырған болатын. Қоғам өміріндегі орын альп жатқан жағаңылтарды «Қазақ» газеті арқылы ел-жүртқа жеткізуге атсалысты. «Халықты ағарту балаларды мектепте оқытудан басталады және мұны арнайы білімі бар адамдарға тапсырған жөн, себебі, жеткіншек үрпақтың өз халқының еткені туралы білуімен ұлттың болашағы тікелей байланысты» деген ойы арқылы ол балалардың медреседе оқытудың маңыздылығын көрсетті. Ахаң еңбектерінің ішінде өз дәүірін ашық және айқын сыйнай білген еңбегі «Маса» атты жинағы еді. Ол 1911 жылы жарық көрді. Халқының тағдырына аландала, кедейлік пен бақытсызықтың себептерін іздеді. Халықтың еріншек, қорқақ және жәйбарақат болмауын ескертіп, өз өлеңдерінде әрдайым сол тақырыптарды қозғап, оқу-білімге, еңбекке шақырып отырған болатын. Ол өзінің сол сөздерін маса ызынына тенеп, халықты үйкіктап жатқан шырт үйқысынан оятқысы келді. Мысалы, Ахаңның мына бір өлең жолдары бул сөздерімізге айқын дәлел болары анық:

«Бұл неткен жүрт үйқышыл?!

Болсын кедей, болсын бай,

Жатыр бейқам, жым-жырт жай».

Ал, халқы қалғып-мұлғіп үйқыдан бас көтере сап, өзара шен-шекпенге таласып, өзгелерге жем болып жатқанына күйінішін білдіріп, ондай кездерде:

«Шығармай, бір жеңнен кол, бір жерден сөз,

Алалық алты бақан дерптен кірдік;

...Жат жакты жаратқанға көз еттіріп,

Жақынмен араздастық, иттей үрдік», - деп ашың күйінішін білдірген еді. Ахмет аз ғана уақыт ішінде адамзаттың ата жауына айналған нағандықпен күресу үшін қазақ зиялышарының басын қосып, тарихи женіс жасады. Оның ол ісі нәтижелі болды. Ахметтің бастап кеткен ұранын оның ізбасарлары да жалғап, қазақты үйқыдан ояту жолында қару етіп пайдаланды.

«Оян, қазақ!» еңбегінің авторы Міржақып Дулатов та бес арыстың бірі еді. Ол да замандастарындағы адам мәселесіне ашық тоқталып, небір еңбектерін жарыққа шығарды. Сондай әйелінің тағдыры. Автор қалың малға зат ретінде сатылған Жамал арқылы қазақ халқының шынайы тұрмысын, қоғамның құрделі мәселелерін суреттейді. Міржақып та Ахметтей халқының жай-күйіне аландалап, тығырықтан шығудың жолын іздеді. «Оян, қазақ!» жинағында халқының бір

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

түкпірде ұйықтамай, бейқамдықты қойып, оянатын, көзін ашатын сәттің келгенін мынадай өлең жолдары арқылы жеткізеді:

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қарандыға бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал харап бол,  
Қазагым, енді жату жарамас-ты».

1893-1938 жылдары өмір сүрген Магжан Жұмабаевтың өзі де, өлеңдері де қыын-қыстау заманның тауқыметін көп кешікен. Магжанның да арманы – халқының есіп-өркендеуі, сауатсыздықтан арылып, көзі ашық қоғамды құру еді. Магжанның шығармаларында жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділесіздік, еңбек, білім тақырыптары қозғалған. Мағжанның өлеңдері арқылы ол адамды табиғаттың бір туындысы ретінде қабылдайтынын көреміз. Ол өзінің «Магжан От» деген өлеңі арқылы табиғатсыз адам жок екенін, онсыз адам күні қаран болатынын, ал адам болса табиғатты өзіне бағындырыгысы келетіні жайлыш мензейді. Мағжанның «Мен жастарға сенемін» өлеңі жастарға рух беріп, жігерін тасытады. Алаш рухын көтеруді мақсат еткен Мағжан өлеңінде былай дейді:

«Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты  
Қырандай күшті қанатты,  
Мен жастарға сенемін.  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін», - деп халықты жігерлендіріп, оларға рух беріп, сенім білдіреді.

XX ғасырдың басында агағтушылық философияға негізделген ізденістерін жан-жақты таныта білген Алаш ардақтыларының бірі – Жұсіпбек Аймауытов. Оның шығармашылығы үлт өмірінде болған үлкен төңкеріспен тұспа-тұс келеді. Агағтушылық жолында тек ізденіп қана қоймай, оны жүзеге асырудың жолы мен әдістерін зерттеп, оны сол замандағы әдеби шығармалары арқылы қоғамға жеткізуге тырысты. Оның шығармаларының негізгі идеясы адам бойындағы жақсылық пен жамандық қасиетіне негізделіп жазылды. Максаты – өркениетті қоғам құрып, ігі қасиеттерді адам бойына сініруге үлес қосу еді. Жұсіпбектің арнағы философиялық шығармалары болмаса да, роман, повесть, пьеса, сыни мақалалары мен көтерген мәселелерінің түбінде терен философия мен жатты. Ол оны кейіпкерлерінің жүріс-тұрысы, ойлауы мен әрекеті, өмірі арқылы шебер жеткізе білген. Жұсіпбектің «Тәрбие» атты мақаласында адамның хайуаннан артықшылығын жаза отырып, адам бойындағы жақсы да, жаман қасиеттердің барлығы тәрбие арқылы беріледі деп корытындылайды. Яғни, ұнамсыз қылыш – тәрбиенің кемдігінен болатын негізге алады. Шығармаларындағы негізгі идея – адам еркіндігі. Ол сол замандағы халықтың мешеулігін сынап, қарандылықтан бас көтеруге, оқу-білімге ұмтылуға, өнер жолына тұсуге үтіттейді. Жұсіпбек те қоғамдағы әйел мәселесіне бейжай қарамаған, өз шығармаларында әйел мәселесін жан-жақты көтере білген. Аймауытов та өз замандастарында елінің мұддесін бәрінен де жогары қойып, өмірінің соңғы күндеріне дейін өз көзкарастары үшін батыл құресе білді.

1858-1931 жылдары өмір сүрген Шәкәрім Құдайбердіұлы да бес арысымыздың бірі еді. Шәкәрімнің әкесі 37 жасында дүниеден озғаннан кейін, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған. «Мұтылғаның өмірі» атты өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабак ала бастағандығы жайлы жазады. Шәкәрім Құдайбердіұлының есімі 1988 жылы ресми ақтальып, оның өшпес мұрасы халқына шығады. Шәкәрімді философ, тарихы және ойшыл ретінде танытатын туындылары: «Ушқайта оралады», «Мұсылмандық шарты», «Жолсыз жаза» және тағы да қоғалған шығармалары.

Шәкәрім де халықты өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынды. Ол азаматтық өтеудің басты шарты – туған елдің бүкіл тарихи, мәдени құндылықтарын жоғалтпай, Шәкәрімдің шарты – тарихынан сыйындан санады. Ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар – Тәсір, Нұр, Құн оларды заман талабына сай қолдану деп санады. Ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар – Тәсір, Нұр, Құн және Табигат еді.

Алаш арыстары халқының азаттығы үшін, бостандығы мен еркіндігі үшін гұмырының соңғына дейін құресе білді. Қазақ зиялдыларының мақсат еткен мұрасы мен ізгі армандары бен орындалып, қазақ үшін азаттықтың туы желбіреп, бейбіт құн орнады. Тәуелсіздігіміз бен басты міндетті.



Бекбаева Маржан Мұсабекқызы

Қараганды облысы Теміртау қаласы

Қараганды облысы, КГУ «Гимназия №1»

Бастауыш сыйнып мұғалімі

AL-TYN

BILIM KILTY

AL-TYN

BILIM KILTY

AL-TYN

## Ағылшын тілі Қазақстаниң болашағы үшін

Қазіргі замандағы жаһандық тілдің бірі – ағылшын тілі. Әлемнің көптеген елі ағылшын тілін біледі. Акпараттардың зор ағымы да осы тілде. Құн сайын қарқындан дамып келе жатқан қогамда көп тіл білудің маңызы ете зор. Тарихтан білсек, қазак елінің ұлы тұлғалардың көбі көптеген тілдерді еркін мәңгергендігін байқауға болады. Солардың бірі әлемнің "екінші ұстазы" атандып жүрген- Әбу Насыр Әл Фараби 70-ке жуық тіл білген екен. Міне, осы қазіргі жаһандану заманында дамудың даңғыл жолына түс үшін ағылшын тілінің шоқтығы бийк түр.

Қазақстанның ана тілі – қазақ тілі, орыс тілі – ұлттаралық тіл, халықаралық тіл ағылшын тілі болып табылады. Ағылшын тілі қазіргі таңда халықаралық қарым-қатынас тілі және дүние жүзіне кең таралған тіл болып танылады. Біз қай жерде жүрсекте ағылшын тілін естейміз. Бұл тіл қазіргі заманғы бүкіл адамзатқа жаһандық болып табылады. Адамдарға бір-бірін біріктіру үшін ортақ тіл болуы маңызды. Әлемде көптеген тілдер бар, көп адамдар қытай, ағылшын, қазақ, орыс т.б. тілдерінде сөйлейді. Бірақ осы барлық колданыстағы тілдердің ішіндегі ең көп колданыстағы тіл – ағылшын тілі. Бұл тіл бизнес, ғылым және спорт түргысынан пайдалы тіл болып табылады.

Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанда ағылшын тілін басымдылығы 10 есе өсken. Демек, ағылшын тілін білмей заман талабымен лайықты бәскеге қабілетті тұлға қалыптастыра алмаймыз. Яғни ағылшын тілін үйренуден біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілін үйрну қазақ тіліне ешқандай кедергі келтірмейді. Тек соны түсініміз керекпіз. Себебі, ағылшын тілі қазақ тілімен бәсекелес тіл емес.

Қазақстанда ағылшын тілін дамыту дұрыс жолға қойылған. Қазір заманауи мектептерд ағылшын тілі пәні міндетті пән ретінде оқытылып жүр.

Елімізде арнағы ағылшын тілін оқыттын орталықтар баршылық. Бірақ мұндай оқу орталықтар көп болғанымен ақылы түрде оқытады. Бірақ, уақыт өткен сайын бағдарламаларды менгеру, дамыту деңгейлері есіп келеді. Қазақстанда жоғары оқу орындарында ағылшын тілі тереңдептіліп оқытылады. Олар: «Қазақ-Британ техникалық университеті», «Назарбаев Университеті», «Еуразия Ұлттық университеттері», «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» және КазҰУ-де т.б. Ағылшын тілін білу сән емес, заман талабы. Ағылшын тілін үйрнудін ешқандай зияны жоқ көрсінше, пайдасы көп.

Яғни, ағылшын тілін білу жаңа әлемнің есігін ашып береді. Сіздерге ағылшын тілді жетік білудің артышылықтарымен белісемін.

1. Ағылшын тілдігі әндрді түсінү
2. Шет елдерге саяхаттауга мүмкіндіктер туады
3. Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туындаиды.
4. Шетелдік интернет – дүкендердің тұтынушысы болу.

Ағылшын тілін тез мәңгеріп алсаныз, саяхаттау барысында сіз ойыңыздарғыны тез түсіндіріп, мейрамханада еркін тамақтана аласыз. Өзге елден келген туристтермен сейлесіп, әлем мәдениетін терең мәңгере түсесіз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан азаматтарының, яғни, біздің парызымыз – «өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» дегендей, мемлекеттік тілді мәңгеріп қана қоймай, ағылшын тілін де білу деп білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады. «Үш тұғырлы тіл» идеясы – жарқын болашақтың кепілі. Ағылшын тілі – Қазақстан Республикасының дамуын жеделдетіп, дамыған 30 елдің жарқын болашақтың тілі. «Ағылшын тілі бізге әлемдік аренага шығу үшін қажет.

Бұғінгі жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қогамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік менгеру – бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаралыны баршамызға аян. Үш тілді білу жас үрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады. «Үш тұғырлы тіл» идеясы – жарқын болашақтың кепілі.



Малтабарова Лаззат Бегайдаровна  
Алматы каласы Құләш Байсейітова атындағы  
дарынды балаларға арналған республикалық  
мамандандырылған музикалық  
орта мектеп-интернаты  
Қазақ тілі мен әдебиеті

## **Тіл-ұлттың аса ұлы игілігі**

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының «Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүтінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры» деген тағылымы ойга оралады. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұстастай кескін келбеті. Ал ұлттың болашагы – оның ана тілі. Эр ұлттың тілі – сол ұлттың бақыты мен тірері. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев халықтың болашагы туралы тереңнен ой толғай отырып, «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашагы» деген болатын. Осы маңызды мәселені жүзеге асыру жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын көңейту жолында атсалысуға міндettі. Қазақ тілі әлемдегі ең бай да әдемі тілдердің бірі. Оны тек қазақ қана емес, тілімізді зерттеген алем галымдары да мойындаған кеткен. Атап айттар болсақ неміс жерінде туып, бар өмірін Ресейде откізген шығыстанушы В.Радлов: -Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі откір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таң қалдыралықтай оралымды.. Қазақтардың кез келгені тіпті сауатсыздарының өзі, ана тілінде Еуропада байқап жүргеніміздей тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлейді,-десе, тағы бір батыстық ғалым П. Милиоранский- Қазақ тілін зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан ен бай, ең таза түркі тілдердің бірі етіп таниды,-деп тілімізге деген таңданысын жасырмады.

Алаш азаматтары қазақ ғылыминың төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылыминың іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, откені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылыстың таңдауы аса қисынды еді. Осы тұрғыдан келгенде, Ахандың тіл саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының еңбектері алдымен оқытуға, білім беруге арналған дүниелер болатын. Айталық, Ахмет Байтұрсынұлының «Оку құралы», «Тіл құралы», Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының оку-әдістемелік мақалалары осыны аңғартады. Әсіресе, тілміздің жазу үлгісінің, емлесінің қалыптасуындағы Алаш зиялышарының орны ерекше.

Тіл-ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы соның тіл мәдениетімен, тілдің қолданыс ауқымдылығының көндігімен өлшенеді. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс орісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай міндет емес себебі ол тіл сол мемлекет иесі болып отырған халықтың мұддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты етей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни ол өнер, әдебиет, мәдениетте, баспасөз, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, реесми іс-қағаздар т.б. саладарға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралының айналуы қажет.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық, патриотизм, мәдени тұтастық сияқты үгымдармен тығыз байланысты. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл - мемлекеттің бет-бейнесі, Тың, Елтаңбасы, Гимні сияқты рәмізі болып табылады. Азаматтық патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншіліктің негізі бола отырып, ел азаматтарын біріктіретін күш. Тіл- елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің негізі, адамның рухани және имандылық қасиеттерінің басты факторы.

Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдел-ғұрптың және салт- дәстүрлерін өсөндө тануға жол ашады. Басқаларға ұлттық мемлекет ретінде танылғымыз келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сактауымыз керек. Тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны белгілі. Тілін жоғалтып, артынан өздері ұлт ретінде құрып кеткен халықтар қаншама.

Біздің тіліміз ең көне, тамыры тіптен теренде жатқан тілдердің бірі. Мындаған жылдардың тарихы бар сол тілді қайта жаңарту, оның қолдану аясын кеңейту, жүздеген жылдар бойы отаршылдықтың әсерінен бағы ашылмай келе жатқан қасиетті тілімізді отбасы-ошақ қасынан төрге шығару біздің, яғни қазақ тілі пәні мұғалімдерінің алдында тұрған үлкен міндет деп білемін.

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ



Турдалиева Мадина Серикбаевна

Туркестанская область, Казыгуртский район, село

Казыгурт

Специализированная школа-интернат "Дарын"

Русский язык и литература

## Оқушылардың өз бетінше әрекет етуі- жан-жақты дамудың алғышарты

*Бала білімді тәжірибе арқылы оздігінен алуы керек...»*

*А. Байтұрсынов*

Дүниеде мындаған мамандық түрі бар. Солардың барлығы адам үшін, адамзаттың өсіп-өнуі үшін керек. Сол мамандықтардың ішінде адамды тәрбиелу — ең жауаптысы. Осы мамандық туралы І. Алтынсарин «Ұстаз — мектептің жүргегі» деп текке айтпаса керек. Бұган лайық болу — үлкен абырай, басты борышым деп санаймын. Бойына — қуат, жүргөне — жарық жігер беріп, өрге сүйрейтін де, жанына — азық, өміріне — өзек бол төрғе сүйрейтін де осы ұстаздық қасиет.

Үкіметтің 2030 жылға жасаған жоспарында балаларды сауатты етіп шығаруға барынша көніл болінген. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас үрпақ. Жан-жақты сауатты жеке адамның дамуы үшін теориялық білімді тәжірибеде тиімді пайдаланумен үйлестіру үшін кең мүмкіндіктер берілуде. Бұл тұрғыда бастауыштың негізгі міндеті — бала қабілетін ашып, дамыту, оқуға деген іскерлігі мен ықыласын қалыптастыру.

Соңғы жылдардың ішінде мектепте жаңа технологияларды кеңінен қолдану орын алып отыр. Қазіргі оқыту үрдісінің маңызы оқушыны жан-жақты қалыптасан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға тәрбиелу. Әрине, мен де өз тәжірибемде әртүрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолданамын. Бірақ оқушыларды білімді игеруге біраз проблемалар туындаиды.

